

Ұлы Отан соғысының қатысушыларына, мүгедектеріне және оларға теңестірілген адамдарға медициналық жәрдем көрсетуді одан әрі жақсарту туралы

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау істері жөніндегі агенттігі төрағасының 2001 жылғы 15 қаңтардағы N 41 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 12 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 1399

Қазақстан Республикасының Президентінің "Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен мүгедектеріне, оларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен әлеуметтік қорғау туралы" 1995 жылдың 28 сәуіріндегі N 2247 U952247_ Заң күші бар Жарлығын, Қазақстан Республикасының "Семей ядролық сынақ алаңындағы ядролық сынақтардың зардабын шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" 1992 жылдың 18 желтоқсанындағы N 1788-XII Заңын P930431_ , Қазақстан Республикасының " Азаматтардың жекелеген санаттарына жеңілдіктер беру мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық кесімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Z990374_ 1999 жылдың 7 сәуіріндегі N 374-1 Заңына сәйкес, БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Отан соғысына қатысушылар мен мүгедектеріне және оларға теңестірілген адамдарға медициналық жәрдем көрсету туралы ереже бекітілсін.

2. Облыстық, Астана, Алматы қалаларының денсаулық сақтау басқармаларының (департаменттерінің) бастықтары, республикалық емдеу - алдын алу мекемелерінің басшылары:

1) Отан соғысының мүгедектерімен және оларға теңестірілген адамдарға барлық ауруханалық ұйымдарда айрықша медициналық қызмет көрсету жүзеге асырылсын;

2) жоғарыда аталған топтарды жыл сайынғы кешенді медициналық байқаудан өткізу (терапевтің, хирургтің, невропатологтің, офтальмологтың, отоларингологтың, стоматологтың міндетті түрде қатысуы жағдайында, жалпы клиникалық, рентгендік және электрокардиографикалық зерттеу жүргізу), одан кейін амбулаториялық және стационарлық сауықтыру қамтамасыз етілсін;

3) Астана қаласындағы Отан соғысы мүгедектеріне арналған Республикалық клиникалық госпитальға және Алматы қаласындағы госпитальдың филиалына стационарлық емдеуге азаматтардың денсаулығын сақтау саласына басшылық жасауды жүзеге асыратын орталық уәкілетті атқарушы органның (бұдан былай - Уәкілетті орган) жыл сайынғы бекітетін үлесіне сәйкес жіберу қамтамасыз етілсін;

4) аурухана мекемелерінде Отан соғысының ардагерлері мен оларға теңестірілген адамдарға арналған бөлімшелер мен палаталардың желісін көбейту жөніндегі жұмыс жалғастырылсын;

5) осы мәселе бойынша жоғарыда көрсетілген директивалық құжаттардың орындалу барысы алқа мәжілістерінде жүйелі түрде тыңдалып отырылсын.

3. Отан соғысы мүгедектеріне арналған Республикалық клиникалық госпитальдың бастығы:

1) аймақтардағы, бекітілген құрамға медициналық көмекті ұйымдастыру жұмысын бақылауды;

2) республиканың емдеу-алдын алу ұйымдарына құрамға медициналық

жәрдем көрсету жөніндегі кеңестік және ұйымдастыру-әдістемелік көмек көрсетуді;

3) диагностикалаудың, емдеу мен оңалтудың жаңа әдістерін әзірлеу және енгізуді;

4) иондық сәуленің әсеріне шалдыққандардың ауруларының себептік байланысын анықтау жөніндегі сараптаманы жүргізуді қамтамасыз етсін.

4. Бұл бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Агенттік төрағасының бірінші орынбасарына жүктелсін.

Төраға

Қазақстан Республикасы

Денсаулық сақтау ісі жөніндегі
агенттігінің

2001 жылғы 15 қаңтардағы N 41
бұйрығымен бекітілген

Отан соғысына қатысушылар мен мүгедектерге және оларға
теңестірілген адамдарға медициналық жәрдем
көрсетуді ұйымдастыру туралы
ЕРЕЖЕ

1. Отан соғысына қатысушылар мен мүгедектерге және оларға теңестірілген адамдарға медициналық қамтамасыз ету Республикалық клиникалық Отан соғысы мүгедектерінің госпиталында облыстық және қалалық ауруханалардың мамандандырылған бөлімшелерінде және де басқа ауруханалық және амбулаториялық ұйымдарында көрсетіледі.

2. Құрамды медициналық қамтамасыз етуді ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік басшылықты бүтіндей Республика бойынша Отан соғысының мүгедектеріне арналған Республикалық клиникалық госпиталь жүргізеді, ал облыстарда, Астана және Алматы қалаларында - облыстық, Астана және Алматы қалалық денсаулық сақтау басқармаларының (департаменттерінің) бастықтарының орынбасарларының бірі жүргізеді.

3. Облыстық, Астана және Алматы қалалық денсаулық сақтау басқармалары (департаменттері) мыналарды жүзеге асырады:

1) өз облысында тұратын Отан соғысының мүгедектері мен оларға теңестірілгендерге медициналық қызмет көрсету мәселесі бойынша ұйымдастыру-әдістемелік басшылық;

2) құрамында есепке алу жағдайын, жыл сайынғы кешенді медициналық тексерулердің сапасы мен толықтығын бақылау;

3) ауруханалық, амбулаториялық, санаторлы-курорттық емдеуді қажет ететіндерді табу мен олардың есебін жүргізу және белгіленген емдеу-сауықтыру іс-шараларының жүзеге асырылуының уақытылығын бақылау;

4) көрсетілген санаттың адамдарын мамандандырылған емдеу - алдын алу мекемелеріне, сондай-ақ медициналық ғылыми-зерттеу институттары мен ғылыми орталықтардың клиникаларына және де Отан соғысы мүгедектеріне арналған Республикалық клиникалық госпитальға стационарлық емдеуге жолдама беруді ұйымдастыру.

4. Барлық амбулаториялық-емханалық ұйымдарда және диспансерлерде бас дәрігердің бұйрығымен Отан соғысына қатысушылар мен мүгедектеріне және оларға теңестірілген адамдарды медициналық қамтамасыз етуді ұйымдастыруға жауапты дәрігер және медбике тағайындалады, оларға мынадай міндеттер жүктеледі:

1) халықты әлеуметтік қорғау органдарымен және әскери комиссариаттармен байланыс орната отырып бекітілген аймақтарда тұратын Отан соғысына қатысушылар

мен мүгедектерінің және оларға теңестірілген адамдардың есебін жүргізу;

2) көрсетілген құрамның барлығына жыл сайынғы кешенді медициналық тексеру жүргізуді ұйымдастыру;

3) қажет болған жағдайда сырқаттарды осы емдеу-алдын алу ұйымында жоқ мамандарға апарып консультациядан өткізу;

4) қажет болған жағдайда сырқаттарға стационарлық емдеу үшін ауруханалар мен мамандандырылған медициналық ұйымдарға жолдама беру;

5) туберкулез, психикалық, онкологиялық және басқа аурулармен зардап шегетін науқастарды емдеудегі сабақтастықты жүзеге асыру мақсатында амбулаториялық-емханалық ұйымдар мен диспансерлердің арасындағы өзара байланысын қамтамасыз ету;

6) тексеру кезінде анықталған ауруларды сырқаттарына байланысты мамандардың дер кезінде диспансерлік қадағалауға алынуын, емдеу-сауықтыру шараларының белгіленген жоспарларының толық та сапалы түрде жүзеге асырылуын жүзеге асыру;

7) мүгедектігін анықтау және мүгедектік тобына өзгерістер кіргізу үшін медициналық көрсеткіштері бар адамдарға медициналық әлеуметтік-сараптау комиссиясына жолдаманы дер кезінде беру;

8) медициналық құжаттарды дұрыс жүргізу, амбулаториялық карталарға

(N 027/У) белгі салу, амбулаториялық карталар мен диспансерлік қадағалаудың бақылау карталарының (N 030/У) көшірмелерін дер кезінде толтыру;

9) медициналық статистика кабинетінің қызметкерлерімен бірлесе отырып құрамға N 025/У және N 030/У үлгілерінің негізінде медициналық жәрдем көрсету туралы есептер жасауды қамтамасыз ету.

Мамандар:

Омарбекова А.Т.

Икебаева Ә.Ж.